Вена тетігі

Вена 1989 («ЕҚЫК –нің адами өлшемі, 1-ден 4 бағанға дейін»)

Қатысушы мемлекеттер,

Қорытынды акт және ЕҚЫК-нің адамның барлық құқықтары мен негізгі еркіндіктерін, адамдардың өзара байланыстарын және бұлармен байланысты гуманитарлық сипаттағы басқа да мәселелерді құрметтеуге қатысты басқа да құжаттары бойынша алынған міндеттемелерді есте сақтай отырып,

ЕҚЫК бойынша өз міндеттемелерін орындауды және олардың осы салалардағы, бұдан төменде ЕҚЫК-нің адами өлшемі деп аталатын ынтымақтастығын жақсарту қажеттігін мойындай отырып,

Қорытынды акті мен ЕҚЫК-нің басқа да тиісті құжаттарының қағидаттары мен ережелерінің негізінде былай шешті:

1. ақпараттармен алмасу және ЕҚЫК-нің адами өлшеміне қатысты мәселелер бойынша оларға басқа қатысушы мемлекеттердің ақпарат туралы және оны ұсынуға жолдаған сұратуларына жауап беру. Мұндай өтініштер дипломатиялық арналар бойынша немесе осы мақсатқа тағайындалған кез келген органның мекен-жайына жіберілуі мүмкін;

2. ЕҚЫК-нің адами өлшеміне қатысты мәселелерді, ахуалдар мен жекелеген жағдайларды шешуді қоса алғанда, зерделеу мақсатында осыған ниетті басқа қатысушы мемлекеттермен екіжақты кездесулер өткізу. Мұндай кездесулердің уақыты мен орны өзара уағдаластық бойынша дипломатиялық арналар арқылы белгіленетін болады;

3. қажет деп тапқан кез келген қатысушы мемлекет 2-тармақта қарастырылған, екіжақты кездесулерде мәселе көтерілгендерін қоса алғанда, ахуалдар мен жағдайларға дипломатиялық арналар арқылы басқа қатысушы мемлекеттердің назарын аудара алады;

4. қажет деп тапқан кез келген қатысушы мемлекет Адами өлшем жөніндегі конференциядағы, сондай-ақ ЕҚЫК-нің келесі негізгі кеңестеріндегі ахуалдар мен жағдайларға қатысты ақпаратты қоса алғанда, ақпараттармен алмасу және өзінің ақпарат туралы және оны ұсынуға сұратуларына жауаптар туралы (1-тармақ) және екіжақты кездесулердің нәтижелері туралы (2- тармақ) ақпараттарды бере алады.

Копенгаген 1990 (42-баған)

(42) Қатысушы мемлекеттер Вена Қорытынды құжатының ЕҚЫК-нің адами өлшемдері туралы тарауының 1-4-тармақтарында белгіленген рәсімдердің тиімділігін одан әрі арттыру қажеттілігін мойындайды және осы мақсатта қаулы етеді:

(42.1) мүмкін болғанша қысқа мерзімде, бірақ төрт аптадан асырмай, оларға басқа қатысушы мемлекеттердің 1-тармаққа сәйкес жазбаша түрде ақпарат туралы және оны ұсынуға жолдаған сұратуларына жазбаша жауаптар беру;

(42.2) 2-тармақта көзделген екіжақты кездесулер әдетте, мүмкін болғанша тездетіп, сұрату берілген күннен бастап үш аптаның ішінде өткізілетін болады;

(42.3) 2-тармаққа сәйкес өткізілетін екіжақты кездесулердің барысында, осы кездесулердің тақырыбына байланысты емес ахуалдар мен жағдайлар туралы мәселе көтеруден, егер екі жақ бұл жөнінде келісіп алмаса, қалыс қалады.